

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАР

Сейданова Айгерім Үсенқызы

aygerim.seydanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ж.И.Ибрагимов

«Республика» сөзі латын тілінен тікелей аударғанда ортақ іс дегенді білдіреді. Сондықтан Қазақстанды жаңғырту - бұл біздің ортақ ісіміз. Алдымызда қандай да сынақтар болмасын, біз мемлекетіміздің қуатына, халқымыздың даналығына сүйене отырып, оны еңсеріп шығамыз», - дейді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Республика» сөзі латын тілінен тікелей аударғанда ортақ іс дегенді білдіреді. Сондықтан Қазақстанды жаңғырту - бұл біздің ортақ ісіміз. Алдымызда қандай да сынақтар болмасын, біз мемлекетіміздің қуатына, халқымыздың даналығына сүйене отырып, оны еңсеріп шығамыз», - дейді Нұрсұлтан Назарбаев.[1]

Осы уақытқа дейін Қазақстан көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Соларды еске түсіріп кетейік. Қазақстан тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде орнықты. Елде қазақстандық бірегейлік пен бірліктің барлық қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани негіздері қаланды.

- Біріншіден, тәуелсіздік алған кезден бастап Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекет құру саясатын жүйелі түрде жүргізіп келеді.
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы тәуелсіз жаңа Қазақстанның, ел дамуының құндылықтары мен басымдықтарының сипатын айқындаған негізгі құжатқа айналды.
- 1992 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Гимн бекітілді.
- 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция нәсіліне, ұлтына, дініне және әлеуметтік тиесілігіне қарамастан барлық азаматтар құқықтарының теңдігіне кепілдік берді. Конституция этностық, тілдік, мәдени, діни әралуандылықты мойындау негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың азаматтық қағидаттарын бекітті. Конституцияда қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық және қазақстандық патриотизм ұғымдары бекітілді.
- 2007 жылдан бастап ҚХА Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне өз өкілдерін жібереді. ҚХА мәртебесі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген. Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін қолдау және дамыту жүйесі қалыптасты. Барлық өңірлерде 900-ден астам этномәдени бірлестік, 192 этноағарту кешені мен достық үйлері жұмыс істейді.
- Үшіншіден, байыпты мемлекеттік тіл саясаты жүргізіледі. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беруді дамытуды қоғам бірлігінің және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі ретінде белгілеп берді.
- Төртіншіден, Қазақстан қоғамын әлеуметтік жаңғыртудың бағыты ретінде Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының қағидаттары әзірленді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты 2012 жылғы бағдарламалық мақаласында еңбек жаһандық бәсекелестік жағдайында әлеуметтік игілікке жеткізетін, тұрақтылық кепілі ретінде орта тапты қалыптастыруды қамтамасыз ететін басты фактор ретінде аталды.
- Мемлекет басшысының 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында экономика мен әлеуметтік саланы одан әрі дамытудың еңбек сапасы мен өнімділігін арттыруға бағытталған басымдықтары белгіленді.

- Бесіншіден, «Қазақстан – 2050» стратегиясында Жаңа қазақстандық патриотизм қағидаттары айқындалды, ол әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың басты шарты ретінде көрсетілді
- Жаңа қазақстандық патриотизмнің тұғыры – барлық азаматтардың теңдігі және Қазақстанның жемісті дамуына деген ортақ жауапкершілігі. Алтыншыдан, «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы ұсынылды.
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы – қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар жүйесі.[2] Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті алғаш рет 1991 жылы 10 желтоқсанда ұлықталып, Қазақстан халқына ант берген болатын. Екінші сайлау 1999 жылы 10 қаңтарда өтіп, онда жоғары сенім мандаты Н.Назарбаевқа тапсырылды. Президентті ұлықтау салтанаты сол жылы еліміздің жаңа елордасы - Астана қаласында өтті. Қазақстанда 2005 жылғы 4 желтоқсанда үшінші жалпыхалықтық президенттік сайлау өтіп, оның нәтижесі бойынша да Нұрсұлтан Назарбаев жеңімпаз атанды. Ұлықтау салтанаты 2006 жылдың 11 қаңтарында жаңа Ақордада өтті. Бұдан кейін 2011 жылы сайлауда да халық сенімі тағы Нұрсұлтан Әбішұлына тапсырылды, ұлықтау рәсімі 8 сәуірде өткен еді. Енді міне бүгін мемлекет басшысы сайлаудағы кезекті жеңісінен кейін өзінің сайлауалды платформасында негізге алған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» бағдарламасы мен 5 институционалдық реформадан туындайтын 100 нақты қадамды Ұлт жоспарына топтастырды. Ұлт жоспары – Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін серпінді қадам болмақ. [3]

Бұл бағдарламаны іс жүзінде жаһандық һәм ішкі сын-қатерлерге толықтай жауап бере алатын, тарихтың жаңа белестерінде еліміздің дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі басты құжаты деп айтуымызға әбден болады. Бір сөзбен айтқанда, ел мен ұлт дамуының басты ұстынына айналатын Ұлттық жоба. Өйткені, онда қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге және ілгерілетуге серпін беретін қадамдар көрсетілген. Сондықтан, Елбасы ұсынған бес институционалдық реформа мен оларды іске асыру үшін жарияланған 100 нақты қадам – өзге мемлекеттерге үлгі болатындай жан-жақты ойластырылған, жүйелі үйлестірілген айқын стратегиялық жоспар деуге толық негіз бар. Жаңару үдерісі дегеніміз дамудың байқалып отырған «бос аралықтарын» жүйелі түрде жою ғана емес, ол сонымен қатар, елді жаңғыртудың әрбір бағытының жаңа көпфункционалылығын құрылымдауды да білдіреді. Жоспарда бес институционалдық реформа көрсетілген:

«Республика» сөзі латын тілінен тікелей аударғанда ортақ іс дегенді білдіреді. Сондықтан Қазақстанды жаңғырту - бұл біздің ортақ ісіміз. Алдымызда қандай да сынақтар болмасын, біз мемлекетіміздің қуатына, халқымыздың даналығына сүйене отырып, оны еңсеріп шығамыз», - дейді Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы», «Білім туралы», «Тіл туралы», «Мәдениет туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасына, Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасына, ҚХА-ның даму тұжырымдамасына негізделеді.

- 1) Кәсіби мемлекеттік аппарат құру. Талапты қатайту және сонымен қатар мемлекеттік қызмет жүйесінде кәсіби мемлекет қалыптастыру жолындағы ахуалды жақсарту кәсіби мемлекеттік аппараттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған.
- 2) Заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа көзқарастар сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Сот төрелігі институтына қоғамдық сенім арта түседі. Еліміздің инвестициялық тартымдылығы бірнеше есе көбейеді.

- 3) Индустрияландыру және экономикалық өсім. Ұлттық экономиканы терең реформалау стратегиялық инвесторларды дәл тарту мен ғылым жұмсалатын өндірісті көтеру арқылы жоғары технологиялы өндеуші секторды басым дамытуды көздейді.
- 4) Біртектілік пен бірлік. «Мәңгілік Ел» идеясы мен Баршаға ортақ еңбек қоғамы идеяларын одан әрі ілгерілету азаматтық біртектілікті күшейтеді және Болашағы Біртұтас Ұлттың бойындағы жасампаздық әлеуетті түбегейлі ашуға мүмкіндік береді. «Мәңгілік Ел» - қоғамдағы бірлік пен келісімнің атымен өзгеше моделі, ол жаһандық ауқымда танылған табысты қазақстандық тәжірибенің мәртебесіне ие.
- 5) Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру. Мемлекеттің ашықтығы мен есеп берушілігін кезең-кезеңімен дамыту, қоғамдық бақылаудың рөлін күшейту, азаматтық қатысуды кеңейту, мониторинг пен бағалау тетіктерін жетілдіру тұтастай алғанда мемлекет басқарудың тиімділігін арттырады.[4]

Іске асыру тетіктері

Ел Президенті жанынан жедел түрде құрамы отандық және шетелдік сарапшылардан тұратын, бес жұмыс тобынан жасақталған жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Ұлттық комиссия бес институттық реформаны кезең-кезеңімен орындауды келісідген басқару бойынша жүзеге асыруы тиіс. Ол мемлекеттік органдардың, бизнес секторының азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді. Ұлттық комиссия тұжырымдамалық шешімдер қабылдап, іс-қимылдың нақты жоспарын айқындауы тиіс. Оның ұсыныстары ел Президенті тарапынан бекітілетін болады. Бекітілген шешімдерді орындау үшін жедел түрде парламент тарапынан заңдар, үкімет тарапынан қаулылар қабылданатын болады. Министрлер мен әкімдердің шешуші бастамаларын тиімді жүзеге асырулары ұлттық комиссия тарапынан қатаң қадағалатын болады. Ұлттық комиссия жанынан беделді шетелдік сарапшылар қатарынан халықаралық консультативтік кеңес жасақтау қажет.

Аталған кеңес ұсынымдар жасап, реформаларды орындау нәтижелерінің тәуелсіз жүйелі мониторингін жүзеге асыратын болады.

Ұлттық комиссияның жұмыс органы етіп Қазақстан Республикасы премьер-министрінің кеңсесін айқындау қажет.

«100 нақты қадам» елімізде «2050 – Стратегиясын» жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады. Жоспардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды» делінген бағдарламалық құжаттың 1-қадамы – Мемлекеттік қызметке қабылдау ресімдерін жаңғыртуға арналған. Онда: Мемлекеттік қызметке қабылдау төменгі лауазымдардан басталуы тиіс екені атап өтілген. 2-қадамда «Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу іскерлік қасиеттер негізінде жүзеге асырылуы тиіс» деген міндет қойылып отыр. 3-қадам туралы айтатын болсақ, мұнда: «Қазақстан республикасының мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің рөлін арттыру» мәселесі бойынша орындалуы тиіс міндеттер

жан-жақты

баяндалған.

Ұлт Жоспарының 4, 5, 6 және 7 қадамдарында мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін Міндетті түрде сынақ мерзімін ендіру. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты өсіру; Еңбекақыны нәтиже бойынша төлеуге көшу. Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық еңбекақыларына өңірлік үйлестіру коэффициенттерін қосу міндеттері бойынша нақты тапсырмалар жазылған. Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға жекешелендіру құқығынсыз қызметтік пәтерлерді міндетті түрде беру (8-қадам); мемлекеттік қызметкерлерді тұрақты түрде оқыту жүйесін заңды түрде бекіту – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру (9-қадам); мемлекеттік қызметкерлерді мансаптық жоғарылату үшін конкурстық негізге көшу (10-қадам); шетелдік менеджерлерді, жекеменшік сектордың жекелеген мамандарын, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері

болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу (11-қадам); жаңа этикалық ережелерді енгізу. Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау (12-қадам) міндеттері мен оларға қатысты нақты мәселелер еліміздегі мемлекеттік қызмет саласын жаңа деңгейге көтерері сөзсіз. Жемқорлыққа қарсы күрес – Елбасы саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл мәселе Ұлт Жоспарының 13-қадамында – жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қадамында көрініс тапқан. Сонымен қатар Ұлт Жоспарында Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылдау 14-қадамда, Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметкерлерді кешенді аттестаттаудан өткізу мәселелері 15-қадамда сипатталған.

Ұлт Жоспарында сондай-ақ азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру (16-қадам), судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту (17-қадам), «Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін сот төрелігі институты мемлекеттік басқару академиясының құрылымынан бөлінуі керек» (18-қадам) деген міндеттер қойылған.

Бүгінде елімізде сот саласын жетілдіруге байланысты көптеген іс-шаралардың атқарылып жатқаны белгілі. Осы орайда Судьялардың есеп беру тәртібін күшейту; судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау және т.б. мәселелер Ұлт Жоспарының 19-қадамында көрсетіліп отырғанын айта кеткеніміз жөн. Құжаттың 20, 21, 22-қадамдары сот саласына арналған.

Инвестициялық даулар бойынша жеке сот істерін жүргізуді құру; Дубай тәжірибесі бойынша Астана қаласында «aifc» халықаралық арбитраждық орталығын құру; шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша сот істерін жүргізуді қамтамасыз ету үшін Жоғарғы сот жанынан беделді шетелдік судьялар мен заңгерлер қатысатын халықаралық кеңес құру; Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту және т.б. маңызды мәселелер Ұлт Жоспарының 23, 24, 25, 26, 27, 28-қадамдарында көрініс тапқанын айта кеткеніміз жөн.

Құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру, жергілікті полиция қызметін құру, жол полициясы қызметкерлерінің этикасы және өзге де мәселелер 29, 30, 31, 32-қадамдарда келесі міндеттер бойынша айқындалып отыр.

Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру; мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту шеңберінде пенитенциялық инфрақұрылымды жаңғырту; ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу; жер кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізу және өзге де көкейкесті міндеттер Ұлт Жоспарының 33, 34, 35, 36, 37, 38-қадамдарында көрініс тапқан.[5] Ұлт Жоспарында белгіленген тапсырмалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуын одан әрі жетілдіру мәселелері қамтылған. Мәселен, мемлекеттік монополиядан біртіндеп бас тарту; құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурстық әдісін енгізу; кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына еурокодтар жүйесін енгізу; электр энергетикасы саласын қайтадан құру тәрізді өзекті міндеттер бүгінгі күн талабымен орайлас келіп отыр. Бағдарламалық құжатта сондай-ақ ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту; экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің нақты көшбасшы компанияларын қолдауға бағытталған «ұлттық чемпиондар» белсенділігін жүзеге асыру; ғылымды қажет ететін экономиканың негізі ретінде екі инновациялық кластерді дамыту; өндіріске инновациялар енгізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру тетіктері бар «ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заң әзірлеу. Қазақстанды халықаралық көлік-коммуникациялық ағымдарға интеграциялау сынды ауқымды мақсаттар мен міндеттер 61 және 76-шы қадам аралығында көрініс тапқан.

Аталған міндеттердің жүзеге асырылуы ел келешегінің кемел болашағының жарқын болуына негіз болары сөзсіз. Мемлекет басшысы ұсынып отырған Ұлт Жоспары – 100 нақты қадамына енген: «Экономиканың алты негізгі саласы үшін он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату», Назарбаев университеті тәжірибесін ескере отырып, жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру; «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру және т.б. міндеттер кеңінен атап көрсетілген. «Іске асыру тетігі» деп аталатын бөлімде бес жұмыс тобынан жасақталған жаңғырту жөніндегі Ұлттық Комиссия құрылғаны туралы айтылған. Ұлттық комиссия бес институттық реформаны кезең-кезеңімен орындауды келісілген басқару бойынша жүзеге асыруы, тұжырымдамалық шешімдер қабылдап, іс-қимылдың нақты жоспарын айқындауы тиіс екені және өзге де жайттар атап көрсетілген.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» стратегиялық бағдарламасы сот жүйесіндегі осындай олқылықтардың орнын толтырып, одан әрі дамуына жол ашады деп сенемін. Елбасының сот саласына қатысты жүргізіп отырған реформалары жоғары деңгейде дамыған құқықтық жүйесі бар нағыз конституционалды мемлекет құруға септігін тигізеді.

Бағдарламаның 3-інші бөліміндегі 16-26-ыншы қадам — соның айғағы. Заңның үстемдігі — нығайған мемлекеттің кепілі. Сондықтан жаңа бағдарламаның құқықтық мемлекетті құрудағы маңызы зор.[6]

Осы ұлт жоспары жайлы көптеген ғалымдар өз пікірлерін білдірді.

«Бұл – өте ауқымды жоспар. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы 6 мамырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамын белгілеп берген болатын. Ол – іс жүзінде, ең алдымен, жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен қатар жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі өзіндік жоспары. Жоспар экономикалық дерттердің сыртқы белгілерін сылап-сипап қоюды емес оны жүйелі емдеуді, қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалауды мақсат етеді», - деді Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің Бас редакторы, Мәдениет қайраткері, профессор Марат Тоқашбаев.[7]

«Президенттің кешегі сайлауалды бағдарламасында жарияланған Қазақстанның даму жолына арналған бес институционалдық реформасы тек халықтың ғана емес, әлемдегі саясаттанушылардың назарын аударды. Президенттің сол сайлауалды бағдарламасында белгіленген бес институционалдық реформасы Ұлт жоспарының бес тарауын құраған «100 нақты қадам» бағдарламасы кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесінен басталуы да тегін емес. Сол сияқты «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету» мен «Индустрияландыру және экономикалық өсім» тарауларындағы қадамдарда да елдің өркениетті, дамыған қоғамға жету жолындағы жүзеге асырылуға тиісті шарттар мен міндеттерді алға тартады», - деді Ұлттық музей директоры Д.Мыңбай.[8]

«Нұрлы жол – болашаққа жол» бағдарламасы енді «100 нақты қадаммен» толықты. Қоғамдық дамудың оң да, теріс те мысалдары көріне бастады. Сондықтан да ол мәселелерді сылап-сипап қана қоймай, кесел ретінде жұлып тастау қажет. Қоғам да тірі организм дегеніміз осыдан шығады. Ол үшін бес бағыттағы 100 нақты қадам жасау қажет болды. Оны неден бастау керек?! Әрине, кез келген мемлекеттің халқы өз мемлекетіне, заңына, индустриялық қуаты мен экономикалық өсіміне, біртектілік пен бірлігіне және халық алдында жауапты мемлекетіне берік сенуі қажет. Сонда ғана бұл бөлінісі ортақ, құндылығы бір, қуатты мемлекетке айналады. Осының бәрі қазіргі таңда Қазақстан халқының ғана емес, әлемдік қоғамдық ойға қозғау салды. Қазақстанның жаңа даму жолына бағытталған 100 қадам әрі таңданыс, әрі қолдау тауып жатыр. Міне, Президенттік дамудың жаңа бағыттарын

саралап, сараптау жасау осыдан туындап отыр», - деді М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Уәлихан Қалижанов.[9]

Б.Майлыбаевтың сөзінше, «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» қоғам өмірінің шешуші салаларын жаңғыртуға бағытталған. 15 қадам мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін түбегейлі көтеруге бағытталған. 19 қадам – сот жүйесі мен құқық қорғау органдарын жаңғыртудың тиімді шаралары. 50 қадам – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жаңа жоғарытехнологиялы экономикалық өсімді ынталандыру мен адам капиталын дамытуға бағытталған нақты әрі жан-жақты нақтыланған шешімдер. 6 қадам – «Мәңгілік ел» құндылықтар жүйесін дамытуға, жалпықазақстандық және қоғамдық бірлікті нығайтуы ықтимал жалпы шаралар. 10 қадам қоғамдық бақылау мен азаматтық қоғамның қатысуын кеңейтіп, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін, «Ашық үкімет» жұмысының тетіктерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.»

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамында жақсы айтылған екен. Айталық, осы маңызды құжаттың 35-қадамында: «Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу. Жер кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізу» көрсетілген. Егер жер шын мәнінде нарықтық айналымға енгізілсе, оның тұрақты пайда әкелетіні даусыз. Сондай-ақ, осы Ұлт жоспарында көпшіліктің талқысына түсіп, бірақ шешімін таппай жүрген тағы бір мәселе шешімін тапқан. 36-қадамда : «Жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу рәсімдерін жеңілдету. Ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру» жазылған. «100 нақты қадамда» көрсетілген жермен жұмысты жақсарту мәселелері — жаңа кезеңнің талабы.» - деп Панабек Бимұратов, Ақтөбе қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы өз ойын білдірді.

«Біз көптеген сынақтарға абыройлы төтеп бердік, шынықтық, рухымызды күшейттік. Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала Елін құрдық. Ұлт жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз. Әлемде, сөз жоқ, үшінші әлемнен біріншіге қадам басқан елдердің мысалдары бар. Біз олардың жарқын тәжірибелерін зерттейміз және ескереміз. Қазір біз экономиканың, мемлекет пен қоғам дамуының ең табысты жаһандық модельдерін өлшем ретінде аламыз. Мен қазақстандықтарды Ұлт жоспарын жүзеге асыруға және реформаларды жүргізуге барынша белсенді қатысуға, олар ашатын мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Біз өзіміздің қазақстандық арманымыздың орындалуына және Қазақстанның өркендеуіне сенімді түрде қол жеткізетін боламыз!», - деп елбасымыз өз сенімін білдірді. [10]

Қорыта келгенде, бес реформа - 5 күш векторы, олар қосыла келгенде Қазақстанның табанды түрде **тек қана алға** басуын айқындайды. Қазіргі таңда әлем күрделі де қарама-қайшылықты кезеңді бастан кешуде. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер өз көмектерін, достастықтарын көрсетуде. Мысалы: XX ғасырдың 30-шы жылдарында америкалықтар 1 миллион километрге жуық жаңа жолдар, 77 мың жаңа көпір салған. Мектептердің 70 пайызы мен ауруханалардың үштен бір бөлігі 1933 жыл мен 1939 жылдың аралығында тұрғызылған. Бұл 4 миллионнан астам жұмыс орындарын құруға көмектескен. 60-шы жылдарда Оңтүстік Корея ұлттық бюджеттің ширек бөлігін жылдам жүретін Гуенгбу автомобиль жолын салуға жұмсаған еді. 1982 жылы магистраль халықтың 66 пайызына қызмет көрсетіп, барлық жүктің 70 пайызын тасымалдаған. Сол жолдың бойында салынған өнеркәсіп орындары қазіргі Корея Республикасының ішкі жалпы өнімінің төрттен үш бөлігін шығарады. Сондай-ақ «Қазақстан-2030» алғашқы ұзақ мерзімді Стратегиясын қабылдап, біз орнықты даму жолына нық түстік. Еліміз 1997-98 жылдардағы «Азия дағдарысын» еңсерді. Сын-қатерлерге қарамастан, біз жаңа елордамыз - Астананы, барлық қазақстандықтардың мақтанышын салуды бастадық.

Біздің мемлекеттік құрылысымыздың әлеуеттілігі 2007-2009 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыстың сын-қатерлерін табысты еңсеруімен дәлелденді. Басқа мемлекеттерден ерекшелігі Қазақстан экономикалық өсімін сақтады және

азаматтарымыздың өмір сүру деңгейін төмендеткен жоқ. 2012 жылға қарай Қазақстан әлемдегі бәсекеге аса қабілетті экономиканың елулігі қатарына енді. Біз халықтың табыс деңгейі орташа ел болдық. Біз әлемдегі 50 аса ірі экономиканың қатарына қосылдық. «Қазақстан-2030» Стратегиясы діттеген жеріне жетті. 1997 жылы алға қойған басты міндеттер бар-жоғы 15 жылдың ішінде орындалды. [11] Міне осы кезге дейін алға қойған мақсаттарға қол жеткіздік және жеткізе береміз!

Түйіндей айтқанда, ұлтқа ұсынылған реформалар жоспары, біріншіден, беймаза әлемде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, екіншіден, инклюзивті, бәрін қамтитын жаңғыртулар жүргізуге жағдай жасайды.

Бес реформа мен «100 қадам» тұтастай мемлекеттің психологиясын өзгертеді

«100 нақты қадам» атты жоспар елімізді тағы бір белеске көтеруге қызмет етеді. Оған күмәнім жоқ. Өйткені біз бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндетін алға қойғанбыз. Ол жетістікке қол жеткіздік. Дүниежүзілік институттар барлық көрсеткіштер бойынша табыстарымызды көрсетіп отыр. Елбасы өркендеген отыз елдің қатарына қосылу туралы жаңа міндет қойды. Ал аталған жоспар дамыған отыз елдің қатарына ену жолында жасалып жатқан тағы бір қадам деп айтуға болады. Аталған жоспарды сапалы жүзеге асыру үшін бір үйдің баласындай жұмыла жұмыс атқаратын боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) bnews.kzҚасым Тоқтаров, 4 мамыр 2015 ж 20:31 , [Астана](#)
- 2) "Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 1012 қаулысы
- 3) "Қазақ КСР Президентінің қызметін құру және Қазақ КСР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақ КСР 1990 ж. 24 сәуірдегі Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990, №18)
- 4) Программа пяти институциональных реформ является конкретным шагом на пути реализации курса «Мәңгілік Ел» - С. Мажитов // КАЗИНФОРМ. – 2015. – 8 мая.
- 5) План нации «Сто конкретных шагов» Президента Н.А. Назарбаева // Казахстанская правда. – 2015. – 20 мая.
- 6) Қазақстан республикасы президентінің ресми сайты, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында сөйлеген сөзі. 18 сәуір, 2014 жыл.
- 7) "Қамшы" сілтейді Дереккөз: Айқын-ақпарат 28/10/2015
- 8) «Президент және халық Республикалық газеті» Бейсенбі, 04 Ақпан 2016
- 9) «БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» Жексенбі, 27 наурыз 2016ж.
- 10) <http://strategy2050.kz/>, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында сөйлеген сөзі. 18 сәуір, 2014 жыл.
- 11) «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында сөйлеген сөзі. 18 сәуір, 2014 жыл.